

## 2019-2020 оқу жылына жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындарының тізбесін бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 8 тамыздағы № 201 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 тамызда № 5763 болып тіркелді.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 30 қарашадағы "2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 13-бабының 25-3) тармақшасын басшылыққа ала отырып және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде №13418 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2019-2020 оқу жылына көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балаларына республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындарының тізбесін бекітілсін.

2. "Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі ( Н.Б.Габдушев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Ғ.А.Оспанқұловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Батыс Қазақстан облысының әкімі*

*Г. Искалиев*

2019 жылғы 8 тамыздағы №201

Батыс Қазақстан облысы

әкімдігінің қаулысымен

бекітілген

**2019-2020 оқу жылына көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балаларына республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындарының тізбесі**

**Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 20.08.2019 № 218 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).**

№	Даярлау бағытының коды және атауы	Білім беру бағдарламасы тобының коды	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы	Барлығы	Толық оқу			Қысқартылған оқу			мемл беру орна жоғ орын
					Барлығы	қазақ тілінде	орыс тілінде	Барлығы	қазақ тілінде	орыс тілінде	
<b>6B01 Педагогикалық ғылымдар</b>											
1	6B011 Педагогика және психология	B001	Педагогика және психология	1	1	1	0	0	0	0	
2	6B012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	4	4	4	0	0	0	0	
3	6B013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау	B003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	2	1	1	0	1	1	0	
4	6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	16	14	13	1	2	2	0	
5	6 B 0 1 5 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау	B009	Математика мұғалімдерін даярлау	2	2	2	0	0	0	0	
		B010	Физика мұғалімдерін даярлау	2	2	2	0	0	0	0	
		B012	Химия мұғалімдерін даярлау	6	6	6	0	0	0	0	
		B014	География мұғалімдерін даярлау	1	1	1	0	0	0	0	
6	6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	B018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау	5	5	5	0	0	0	0	Қаз Респ және Мині Маха атын Қаз мем унив шару құқы
7	6B018 Әлеуметтік педагогика және	B019	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі	2	2	2	0	0	0	0	

	өзін-өзі тану мамандарын даярлау		т а н у мамандарын даярлау									респ мем: кәсіп
--	----------------------------------	--	----------------------------	--	--	--	--	--	--	--	--	-----------------

6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар

8	6B021 Өнер	B021	Орындаушылық өнер	3	3	3	0	0	0	0	ҚазҰ Респ және мин Маха атын ҚазҰ мем: унив шару құқы респ мем: кәсіп
		B027	Театр өнері	1	1	1	0	0	0	0	
		B028	Хореография	4	4	3	1	0	0	0	
		B031	Сән, интерьер дизайны және өнеркәсіп дизайны	1	1	1	0	0	0	0	

6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары

9	6B071 Инженерия және инженерлік іс	B062	Электр техникасы және энергетика	1	1	1	0	0	0	0	"Жә атын ҚазҰ агра унив комм акци
		B064	Механика және металл өңдеу	1	1	1	0	0	0	0	
10	6B072 Өндірістік және өңдеу салалары	B068	Азық-түлік өнімдерінің өндірісі	2	2	2	0	0	0	0	
		B075	Кадастр және жерге орналастыру	7	7	7	0	0	0	0	

6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар

11	6B081 Өсімдік шаруашылығы	B077	Өсімдік шаруашылығы	2	2	2	0	0	0	0	"Жә атын ҚазҰ агра унив комм акци
12	6B083 Орман шаруашылығы	B079	Орман шаруашылығы	5	5	5	0	0	0	0	

## 6B09 Ветеринария

13	6B091 Ветеринария	B083	Ветеринария	5	5	4	1	0	0	0	"Жә атын Қаз ағра уни ком акци
		6B10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету ( медицина)									
14	6B10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету ( медицина)	B086	Жалпы медицина	24	24	24	0	0	0	0	"Ма атын Қаз уни ком акци

Барлығы 97